КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 9 қыркүйек № 5501-24-00-2/2515 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Төлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Кайсар» Айжан Какеновна Сахариева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Кайсар» Айжан Какеновна Сахариеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Кайсар» Айжан Какеновна Сахариева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Кайсар» Айжан Какеновна Сахариевадан Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 Павлодар облыстық

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

перинаталдық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 11 999 (он бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 360 (үш жүз алпыс) теңге мемлекеттік баж төлеу сомасы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Кайсар» Айжан Какеновна Сахариевадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Төлембекова А. С., 09.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Төлембекова А. С., 18.10.2024

5501-24-3-1/2781